

Б. Ғ. Нұрмағамбетов, ҚР ИИМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясындағы жалпы білім беретін пендер кафедрасының доценті, саяси ғылымдарының кандидаты;

С. Ж. Тоқтабеков, ҚР ИИМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясындағы әскери және арнайы-тактикалық даярлық кафедрасының аға оқытушысы

ӘЛЕУМЕТТІК — МӘДЕНИ НЕГІЗДЕГІ ЖАҢҒЫРТУ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАҢҒЫРТУ МӘСЕЛЕСІ

Аталып отырған тақырыптың мәні Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың 2012 жылғы 27 қаңтардағы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту — Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауымен байланысты.

Жаңғырту — сананың жаңа жағдайға бейімделуінің күрделі әлеуметтік-мәдени процесі. Сондықтан да бұл бейімделудің қаншалықты табысы жүргізілуіне, яғни адамдардың, біріншіден, жаңа құндылықтарды, екіншіден, өзінің әлеуметтік әрекетінің үлгісін қайта құру деңгейіне қарай реформаның жемісі немесе жеңілісі жайында қорытынды жасауға болады. Дегенмен, біздің еліміздің тарихында реформа жүргізуге талай әрекет жасалғанын ұмытпақ емеспіз. Қоғам дағдылы әлеуметтік әрекет үлгісімен өмір сүріп, тіпті еленбестен қала берген құқықтық актілер қабылданды. Ал одан әрі оқиға екі сценарийдің бірі бойынша өрбіді. Бірінде мемлекет өзінің бұйрық-жарлығын орындауға күшпен мәжбүр ету үшін террор жасаса, енді бірінде, керісінше, қоғам мемлекетті өзінің әлеуметтік әрекет үлгісі мен ережесіне сәйкес жүргізді. Жаңғырту мәселесін зерттеуші ғалымдардың бірі В. А. Красильщиков: «Жаңғырту өндіріс технологиясы мен техникасын қайта құруды, экономикалық қатынастарды өзгертуді одан кейін әлеуметтік саланы, құқық, мәдениет, идеологияны қамтиды деп тұжырымдау қате пікір» — деп жазады.

Біз адамзат өміріндегі жаңа кезеңнің табалдырығында, яғни ішкі қайнар көздің өздігінен жетілуі мен коммуникацияның арқасында даму дәуірінің алдында тұрмыз. Бүгіндері қоғамдық коммуникация мен жаңғыртуды ұйымдастыруды процессуалдық тәсілмен өткізген дұрыс. Сайып келгенде, жаңғыртудың жетістікке жетуі қоғамның құқықтық ережелерді қабылдауына немесе қабылдамауына, олардың қоғамдық жалпы көпшілік сана-сезіммен бірлігі мен өзгешелігіне байланысты.

Құқық — қоғам мәдениетінің феномені. Құқық адамзат мәдениетінің басқа салаларымен салыстырғанда көп өзгеріске ұшырамаған, ең консервативті білім. Бұл алдымен оның күрделі тәртіппен жасалған құрылымын өзгертудегі қиындық пен мәдениеттің өзге салаларында кездеспейтін тәртіптің, толықтырулар енгізуге құқықты нақты ұйымының болуымен түсіндіріледі. Алайда, құқық автономиялық жүйе емес. Құқық әлеуметтік өзгерістерді қадағалаумен қатар оларға бейімделеді. Дегенмен, ол әлеуметтік өзгерістерді түзеді әрі қоғам өмірінде маңызды рөл атқарады. Құқық, құқықтық институттар мен құқықтық процестердің көмегімен дағдылар мен идеялар неғұрлым тұрақты нысанға енеді.

Елбасы Жолдауында қоғамдағы құқықтық жүйелердің түбегейлі жаңғыртылуын баса айтты. Мәселен, сот және құқық қорғау жүйелерін жаңғырту бойынша Елбасы былай дейді: судьялар сот төрелігін тек заң мен ар-ожданды басшылыққа ала отырып шығаруға тиіс; судьялар жасағын қалыптастырудың тәртібін түбегейлі түрде қайта қарау қажет; апелляциялық инстанциялардың істерді қайта қарауға төменгі соттарға қайтару жөніндегі негізсіз шешімдерінің мүмкіндігін заң жүзінде шектеу керек; Жоғарғы соттан бастап, бүкіл сот жүйесіне өздерінің жауапкершілігі мен біліктілігін арттыру, сөйтіп өз

жұмысын жетілдіруді өздері бастау талабы қойылады; судьялардың заңды бұзуы жұрттың бәріне жария етілетіндей төтенше оқиға болуға тиіс; арбитраждық және аралық соттар жүйесін нығайту керек. Сонымен қатар, Елбасы маңызды мәселе ретінде — құқық қорғау және арнаулы органдарды сапалы кадрлық жаңартуға көңіл бөліп отыр. 2012 жылдың желтоқсанына дейін олардың барлық жеке құрамын қайта аттестаттаудан өткізу міндетін қойды. Ол тапсырма орындалып жатыр. Одан кейін құқық қорғау жүйесі қызметкерлерінің ақшалай ризығын арттыру мен қолдаудың әлеуметтік дестесін кеңейту, сондай-ақ олардың техникалық жарақтандырылуы мәселелері қаралуға тиістігінде атап өтті. Елбасы жаңғыртудың ең маңызды мәселелерінің бірі - сыбайлас жемқорлықпен кесімді күрес екенін баса айта отырып, сыбайлас жемқорлықпен күрестің жаңа стратегиясын жасауды ұсынды. Елбасы «парақорларды анықтау және сотқа тарту жеткіліксіз. Жаңа құқықтық тетіктерді, ақпараттық мүмкіндіктерді пайдалану, жұртшылықты жемқорлық тәртіп бұзушылықты ескерту мен алдын алуға кеңінен тарту керек. Басқа елдердің тәжірибесін зерттеп, пайдалану қажет. Мемлекеттік қызметшілердің кірістерін ғана емес, шығыстарын да мағлұмдауға көшу қажет» дей келе осы мәселе бойынша заң қабылдау керектігін ұсынып отыр. Осы ұсыныстардың барлығы еліміздегі құқықтық жүйенің түбегейлі жаңғыртылуына негіз болады.

Кеңестік дәуірден кейінгі кеңістіктегі құқықтық жаңғырудың ұлттық сананың архетиптеріне негізделген ерекшеліктері болатынын тілге тиек еткен жөн. Ұлттың менталитетінде оның тарихы, тәжірибесі этногенезіне ілеспелі жағдайлар жинақталған. Халықтың өткені туралы өзіндік естелігі дүниені ұғынудың ұлттық стереотипін анықтайды. Менталитет ұлттың тарихи тәжірибесіне негізделген әділеттілік туралы түсінігін анықтауға көмектесетін құқықтық сананың негізгі. Ол құқықтық болмыстың әсерімен ғана емес, сондай-ақ кейінгі ұрпақтың тәжірибесі, құқық пен қоғамдағы маңызын ұғынудың тарихи дәстүрі негізінде жасалады. Құқық күрделі қоғамдық қатынастардың бірі. Құқықтық сана ізденісі адамдардың қоғам, оның белгілері мен рухани құндылықтары туралы түсінігін анықтайды. Адамзат қоғамның дамуына орай адамдардың өмір сүру жағдайы, олардың түсініктері мен идеялары өзгеруде, сондықтан да құқық туралы мағлұматы да өзгермек әрі өзгеріп отырады. Барлық құқық туралы түсініктер бір ортақ негізге сүйенеді, яғни адамдар үшін құқық үшін құқық қоғамдағы белгілі бір тәртіп ретінде қарастырылады.

Екінші көзқарас бойынша құқық қоғамда күш көрсету, қысым жасау арқылы емес, әлеуметтік ымыраға жетудегі қайшылықтарды жою арқылы тәртіп орнатады. Әлеуметтік және саяси тәртіп түрлі жеке мүдделердің қабысуының табиғи нәтижесі ретінде пайда болады. Сөйтіп, заңдардың негізгі ретінде әлеуметтік ынтымақтастықтың жалпыға бірдей ережесі туындайды. Құқық түсінігінің бірінші моделі қарама-қайшылыққа толы, ал екіншісі, жеке мүдделердің рационализациясын, тұлғалардың ымыраластық, өзара толықтырушылықтың құндылығын түсінуін талап етеді. Ол өміріміздің көкжиегін бітістіруге бағытталған, өзара тәуелділердің тәуелсіздік рухын насихаттай отырып бітістіру механизмін іздестіреді.

Сонымен қатар, егер біз Қазақстандағы реформаның басты сипаты әлеуметтік-мәдени десек, онда жаңғырудың негізгі мәселесін біздің қоғамда бүкіл құндылықтар жүйесін ұстап тұратын идеологиялық сұлбаның ізденісі ретінде сабақтауға болады. Тек идеологиялық құқықты либертаттар түсінуді қоса есептегенде жаңару қоғамда интегралдаушы құндылықтардың жаңа жүйесін ұстап тұруға қабілетті ережелер жүйесін жасай алады.

Резюме

В этой статье проанализированы проблемы права и модернизации и их социально-культурные основы.

Resume

The problems of right and modernization, their socio-cultural base have been analyzed in the article.